

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 шілдедегі N 770 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 116 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 116 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 P991903_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 54, 538-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібі туралы нұсқаулықта;

12-тармақ "ұйымның" деген сөзден кейін "мамандығы бойынша 1 жылға дейінгі жұмыс стажы бар" деген сөздермен толықтырылсын;

13-тармақ "ұйымы" деген сөз "ұйымының" деген сөзбен ауыстырылып, осы сөзден кейін "мамандығы бойынша 9 жылдан 11 жылға дейінгі стажы бар" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі